

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ашық сабақ: Тақырыбы: «Орманға саяхат».

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120906/**Килбелбауова Сарсенкүл Абдрахманқызы****Түркістан облысы Кентау қаласы****«Дәуір» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі****Білім саласы:** «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Денсаулық».**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту.**Тақырыбы:** «Орманға саяхат».

Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру. Қысқы орманға саяхат жасау. Қысқы табиғатты бақылап болып жатқан өзгерістерді байқауға, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастыру. Сурет бойынша әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.**Әдіс-тәсілдер:** Кіріспе, әңгімелесу, тосын сәт, сұрақ жауап, қорытындылау.**Көрнекілік:** Орман көрінісі, құстардың суреті, шырша ағаштары, аңдардың суреті.**Билингвальді компонент:** Орман-лес, құстар-птицы, шырша-ёлка, аңдар-животные.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------|------------------------|-----------------------|
|--------------------------|------------------------|-----------------------|

| | | |
|------------------------------|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ал балалар тұрайық, Алақанды соғайық. Алдыменен баріміз, Амандасып алайық! Сәлеметсіздерме! Тәрбиеші: —Балалар менің қолымдағы ненің суреті? -Жарайсыңдар балалар, қане жүрегімізден шығатын жылы сөздерді айтайықшы. -Жарайсыңдар балалар! | Балалар шаттық шеңберін орындайды -Жүрек -Аспанымыз ашық болсын Күніміз жарқын болсын Еліміз тыныш болсын Нанымыз көп болсын Ата анамыз аман болсын |
|------------------------------|---|---|

| | | |
|------------------------------------|--|--|
| <p>Іздену-ұйымдастырушы</p> | <p>Тәрбиеші: —Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? -Қыстың қандай айы? -Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?</p> <p>Ғажайы сәт. Есік қағылып ішке торғай келеді. Қолында хаты бар.</p> <p>Тәрбиеші: —Балалар бізге кім келді? -Балалар торғайдың хатын алып оқиықшы.Бұл жәй хат емес екен балалар, торғай бізді өзімен бірге орманға серуендеуге шақырып келіпті. Балалар торғаймен бірге серуенге барамызба? -Балалар орманға барғанша жолда әр түрлі кедергілер кездесуі мүмкін. Сол кедергілерден жәйлап жүріп өтейік. Балалар мына жердің бәрі қалың қар екен, осы қарға құлап қалмай мына көпірден ақырындап өтейік. Балалар қараңдаршы ақ тиіндер жаңғақтарды шашып кетіпті, осы жаңғақтарды себетке салып жинап өтейік. -Балалар міне орманға келіп жеттік. Орманның ауасы қандай таза. Таза ауамен азда демалайықшы. Таза ауада демалған қандай жақсы (мұрынмен демалу жаттығуларын жасату) -Балалар қараңдаршы мына жерде қоян отыр екен. Қоянға көмек керек шығар мұнайып отырған сияқты. Қоян: -Балалар сендер маған көмектесіңдерме? Қасқыр менің көжегімді ұрлап кетті. Менің көжегімді тауып беріңдерші. Тәрбиеші: —Балалар қоянға көмектесемізбе? Балалармен орманд айналып келу. Тәрбиеші: —Балалар мына жерде міне біздің іздеген қасқырымыздың өзі де тұр екен. Қасқыр: -Жоқ жеген жоқпын. Балалар мына конверттің ішінде менің сендерге дайындаған тапсырмаларым бар. Сол тасрмаларды дұрыс орындасандар мен көжекті анасына қайтарып беремін. Тәрбиеші: —Балалар біздер қоян мен көжекке көмектесемізбе? -Олай болса қасқыр тасырмаларыңды айт. 1-тапсырама. Жұмбақ жасырамын, жұмбақты шешіңдер. -Сыбдыр шықса қашады Сайдан бірақ асады -Сұр түсті ақсиган көп тісті -Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады -Аяғы жоқ қолы жоқ Бірақ сурет салады көп -Суда қалқиды жылыда балқиды 2-тапсырма. Балалар маған ойнайтын аққала жасап беріңдер (пенопласттан жасалған аққаланы тақтаға жапсыру) Тәрбиеші: —Балалар кім аққала туралы тақпақ айтады?</p> <p>3-тапсырма. Дидактикалық ойын «Кім жылдам дұрыс құрастырады?» (Геометриялық пішіндерден шырша, үй, күн құрастыра) Тәрбиеші: —Балалар біз қасқырдың барлық тасырмаларын орындаған сияқтымыз. Бізге қасқыр көжегімізді қайтаратын шығар. Қасқыр: —Жарайсыңдар балалар. Сендер менің барлық тапсырмаларымды орындадыңдар. Мен енді сөзімде тұрып көжекті сендерге қайтарайын. Қоян: —Балалар сендерге көп көп рақмет. Сендер менің көжегімді тауып бердіңдер. Қасқырдан құтқару үшін түрлі тасырмалар орындадыңдар. Мен осындай «Дәуір» балабақшасының ақылды тапқыр балаларының барына қуанып тұрмын. Тәрбиеші: —Балалар сендер қоян қасқыр туралы тақпақ білесіңдерме?</p> <p>Тәрбиеші: -Міне балалар көжекке көп көмек көрсеттіңдер. Өздерінің ұшқыр ойларыңды тақырлықтарыңды, қиындықтан қорқпайтындарыңды көрсеттіңдер. -Балалар енді өзіміздің тобымызға оралайық.</p> | <p>-Қыс мезгілі</p> <p>-Қаңтар айы -Қар жауады, боран болады, күн суытады, қыста аққала жасаймыз, шанамен сырғанаймыз, шанамен балабақшаға келеміз.</p> <p>-Торғай</p> <p>-Иә</p> <p>-Иә</p> <p>-Иә</p> <p>-Иә</p> <p>-Қасқыр қасқыр сен неге қоянның көжегін ұрлап кеттің? Көжекті жеп қойған жоқсыңба?</p> <p>-Иә</p> <p>-Қоян</p> <p>-Қасқыр -Қар</p> <p>-Аяз</p> <p>-Мұз</p> <p>Зере Қар жауғанда топ бала Соқтық келіп аққала Мұрны сөбіз үп үшкір Көзі көмір қап қара</p> <p>Кәусар Ақ қоян ау ақ қоян Үркек қоян сақ қоян Қаша берсең орманға «Қорқағым» деп ат қоям Эльза Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы қырлы жерлермен Ытқып ытқып жүгірді Мұстафа Мен көкжал қасқырмын Малшыны састырдым Аш болсам ұлимын Ауылды торимын</p> |
|------------------------------------|--|--|

| | | |
|------------------------------------|--|--|
| Рефлекті коррекциялаушы | Қорытынды: -Балалар біз қай жаққа серуенге бардық? -Орманнан не көрдіңдер? -Кімге көмсектестіңдер? -Міне балалар қысқы ормандағы саяхатымыз аяқталды. Келесі серуенге жаз шыққан соң жаздың табиғатын тамашалауға шығамыз. Сау болыңыздар. | -Орманға -Құстарды аңдарды -Қоянға |
|------------------------------------|--|--|

Күтілетін нәтиже:

1. Білу керек: Ормандағы аңдар мен құстарды.
2. Өзіңде білу керек: Балалар жақсылық жасауды сезіне білу керек.
3. Істей алады: Пішіндерді құрастыра алады

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.